

Қ.А. Садықбеков Сүлейман Демирель университеті, Қазақстан, Қаскелең қ.
e-mail: kurmangazy.sadykbekov@sdu.edu.kz

-ЫП, -ІП КӨСЕМШЕ ЖҰРНАҚТАРЫНЫҢ ДАМУ ЖӘНЕ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері негізінде)

Аңдатпа. Етістіктің күрделі грамматикалық категорияларының бірі көсемше категориясының тарихы жайында жекелеген ескерткіштер мен белгілі бір тілдің тарихына қатысты оқулықтарда аздап кездескенімен терең, жан-жақты әрі жүйелі зерттеу жасалмаған. Түркі тілдерінің тарихи кезеңдердегі кез келген тілдік бірлікті кешенді түрде зерттеу нысанына алып, оларды синхрондық және диахрондық тұрғыдан жан-жақты зерделеу және қазіргі тілімізбен салыстыра отырып, арасындағы тарихи сабақтастықтың деңгейін айқындау қазақ түркітану ғылымының өзекті мәселелерінің бірі саналады. Мақалада мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-ып, -іп, -ұп, -үп, -п* көсемше жұрнақтарының грамматикалық қызметі, өзі жалғанған сөздің мағынасына тигізер әсері мен фонетикалық варианттары, даму және қалыптасу тарихы секілді бірнеше қырынан қарастырылады. Зерттеу нысанына мәмлүк қыпшақ тілінде жазылып, осы күнге келіп жеткен 5 ескерткіштің материалдары негізге алынады. Зерттеу жұмысы тілдің тарихи дамуын зерттеудің басты әдісі – тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде жасалады.

-ып, -іп, -ұп, -үп, -п формалы көсемшелердің фонетикалық варианттары болсын, түбірге жалғану тәртібі жағынан болсын, негізгі және жанама мағыналарындағы түрлі мағыналық реңктері жағынан болсын қазіргі түркі тілдерінен, соның ішінде қазақ тілінен де айтарлықтай өзгешеленбейді. Кей ерекшеліктері қазіргі оғыз тілдерінде сақталса, енді бірі қыпшақ тілдерінде сақталған. Араларындағы азын-аулақ айырмашылықтардың өзін тілдің тарихи дамуы барысында пайда болатын табиғи құбылыс ретінде қарауға болады.

Түйін сөздер: қыпшақ тілі, көсемше жұрнақтары, тарихи ескерткіштер, дыбыс, етістік.

Қ.А. СадықбековУниверситет Сулейман Демиреля, Казахстан, г. Каскелен
e-mail: kurmangazy.sadykbekov@sdu.edu.kz

ИСТОРИЯ РАЗВИТИЯ И ОБРАЗОВАНИЯ СУФФИКСОВ ДЕЕПРИЧАСТИЙ -ЫП, -ІП (на основе памятников Мамлюка кыпчака)

Аннотация. Не было проведено глубокого, всестороннего и систематического изучения истории одной из сложных грамматических категорий глаголов-категории деепричастий, хотя в отдельных памятниках и в учебниках, касающихся истории конкретного языка, она встречается незначительно. Одной из актуальных проблем казахской тюркологической науки является комплексное изучение тюркских языков любого языкового единства в исторические периоды, всестороннее изучение их с синхронной и диахронной точек зрения и определение уровня исторической преемственности в сравнении с нашим современным языком. В статье рассматривается грамматическая функция суффиксов деепричастий *-ып, -іп, -ұп, -үп, -п* в мамлюкско-кыпчакском языке, их влияние и фонетические варианты на значение слова к которому оно присоединено, история развития и становления. За основу исследования взяты материалы 5 памятников, написанных на мамлюкско-кыпчакском языке и дошедших до наших дней. Исследовательская работа строится на основе главного метода изучения исторического развития языка – сравнительно-исторического метода.

Фонетические варианты форм деепричастий с суффиксами *-ып, -іп, -ұп, -үп, -п* порядок присоединения к корню, различные смысловые оттенки в основном и косвенном значениях, все они не сильно отличаются от современных тюркских языков, в том числе от казахского. Некоторые особенности сохранились на современном огузском языке, а некоторые – на кыпчакском. Даже небольшие различия между ними можно рассматривать как естественное явление, возникающее в ходе исторического развития языка.

Ключевые слова: кыпчакский язык, суффиксы деепричастия, исторические памятники, звук, глагол.

K. SadykbekovSuleyman Demirel University, Kazakhstan, Kaskelen
e-mail: kurmangazy.sadykbekov@sdu.edu.kz

THE HISTORY OF THE DEVELOPMENT AND FORMATION OF ADVERBIAL SUFFIXES -YP, -IP (based on the monuments of Mamluk Kipchak)

Abstract. There has been no in-depth, comprehensive and systematic study of the history of one of the complex grammatical categories of verbs-the category of adverbs, although it is found only slightly in some monuments and textbooks concerning the history of a particular language. One of the urgent problems of Kazakh Turkological science is a comprehensive study of the Turkic languages of any linguistic unity in historical periods, a comprehensive study of them from a synchronous and diachronic point of view and determining the level of historical continuity in comparison with our modern language.

The article examines the grammatical function of the adverbial suffixes *-yp, -ip, -up, -üp, -p* in the Mamluk-Kipchak language, their influence and phonetic variants on the meaning of the word to which it is attached, the history of development and formation. The research is based on the materials of 5 monuments written in the Mamluk-Kipchak language and extant to the present day. The research work is based on the main method of studying the historical development of language - the comparative historical method.

Phonetic variants of adverbial forms with suffixes *-yp, -ip, -up, -üp, -p* the order of attachment to the root, various semantic gradients in the main and indirect meanings, all of them do not differ much from modern Turkic languages, including Kazakh. Some features have been preserved in the modern Oguz language, and some in Kipchak. Even small differences between them can be considered as a natural phenomenon that arises during the historical development of the language.

Keywords: Kipchak language, adverbial suffixes, historical monuments, sound, verb.

Кіріспе

Етістіктің ең күрделі грамматикалық категорияларының бірі – көсемше категориясы. Сонау Орхон-Енисей жазбаларынан бастап, кейінгі дәуірлерге тиесілі түркі жазба ескерткіштерінде түрлі формаларда кездесетін көсемше жұрнақтары жалпы түркі тілдерінің қосымша жүйесінде өзіндік орны бар, тілдің айтылым икемділігін түрлендіретін маңызды категориялар қатарына жатады. Жалпы көсемше категориясының тарихы жайында жекелеген ескерткіштер мен белгілі бір тілдің тарихына қатысты оқулықтарда аздап кездескенімен терең, жан-жақты арнайы зерттеу жасалмаған. Ал қазіргі түркі тілдеріндегі көсемшелерге қатысты пікірлер әр тілдің өз материалдарына негізделіп отырып айтылған. Сондықтан да түркі тілдерінің тарихи кезеңдеріндегі көсемшелердің түрлері, формалық және семантикалық ерекшеліктері, олардың өзге категориялармен, әсіресе шақ категориясымен байланысы, морфологиялық ерекшеліктері мен синтаксистік қызметтері, сондай-ақ тілдің тарихи даму барысындағы жүріп өткен жолдары, осы күнге жеткенге дейінгі бастан кешірген түрлі өзгерістерді тарихи жәдігерліктер мен қазіргі түркі тілдері материалдары негізінде зерттеп, зерделеу қазіргі түркітану ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі деп қарауға болады.

Материал және әдістер

Бүгінгі мақалада мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-ып, -іп, -ұп, -үп, -п* көсемше жұрнақтарының функционалдық қызметтері, өзі жалғанған сөздің мағынасына тигізер әсері мен фонетикалық варианттары, даму және қалыптасу тарихы секілді бірнеше қырынан қарастырылатын болады. Зерттеу нысанына мәмлүк қыпшақ тілінде жазылып, осы күнге келіп жеткен *Муниетүл Гузат* (МГ, Uğurlu, 1984), Аббас ибн Хамза әс-Сабранидің *Китаб әл-Әфғал* аталатын етістіктер сөздігі (КӘ, Eminoglu), *Китаб Муқаддима Әбу-Ләйс әс-Самарқанди* (КМ, Садықбеков), *Китаб фил-фикһ* (КФ, Kuanişbayev) және *Китаб фил-фикһ бил-лисани-түрки* (КФТ, Agar) ескерткіштердің материалдары негізге алынады. Яғни осы ескерткіштер тілінде кездесетін *-ып, -іп, -ұп, -үп, -п* көсемше жұрнақтары тарихи түркі жазба әдеби тілдері және қазіргі түркі тілдерімен салыстыра отырып, жан-жақты сипатталатын болады.

Сондай-ақ зерттеу жұмысы тілдің тарихи дамуын зерттеудің басты әдісі – тарихи-салыстырмалы әдіс негізінде жасалады. Осы орайда мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-ып, -іп* қосымшаларының өзіндік ерекшеліктерін, тарихи және қазіргі түркі тілдерімен сабақтастық деңгейін айқындау мақсатында ретроспектік, іштей реконструкция тәсілдері, сондай-ақ аталмыш жұрнақтың динамикалық даму механизмін айқындау үшін синхрондық және диахрондық сипаттау әдістері қолданылды.

Әдебиетке шолу

Түркітануда көсемшелер жайында айтылып жүрген пікірлерде бірізділік байқалмайды. Пікірлер арасындағы негізгі айырмашылық көсемше категориясының шақ категориясына қатысы бар не жоқ екендігінде. А. Ысқақов: «Етістік негіздерінен арнаулы қосымшалар арқылы жасалынып, тиісті дәрежеде шақтық, модальдық және басқа мәндерді білдіретін ерекше

формалар көсемше категориясы деп аталынады», – деп, көсемше категориясының шақтық, модальдық мәнінің бар екенін айтады (Ысқақов, 1954: 316). Ы. Маманов да: «Іс-әрекеттің, қимылдың себебін, амалын көрсететін қосымша, қимылды білдіретін етістіктің формасы көсемше деп аталады», – деп анықтама бергенімен, көсемшелерді жіктегенде «Өткен шақ көсемше, келер шақ көсемше, мақсатты көсемше», – деп, бәрібір шақпен байланыстырады (Маманов, 1966: 183). Е.Коркина якут тіліндегі көсемшелердің жұрнақ қабылдайтынын, тіпті жіктік жалғауы да қабылдап сөйлемнің баяндауышы да бола алатындығын айтады (Коркина, 1985). Ендігі бір топ ғалымдар көсемшенің етістіктің тиянақсыз категориясы екенін, яғни сөйлемде тиянақты ойды білдіріп, сөйлемде дербес баяндауыш болмайтындығын алға тартады. 3. Коркмаз: «Сөйлемнің баяндауыш мүшесінің мағынасына түрлі жақтардан әсер ететін, етістікке *-а, -и, -ып* секілді қосымшалардың жалғануы арқылы жасалатын, шақ және жақ мәнін білдірместен дерексіз іс-әрекет білдіретін, негізгі етістікке жалғанып, көмекші етістікпен бірге күрделі етістік жасайтын, сондай-ақ үстеулер секілді етістіктің мағынасын уақыт және мекен жағынан тиянақтайтын сөздер», – деп, өте ауқымды анықтама береді (Korkmaz, 2007: 251). М. Ергин болса: «Көсемшелер – іс-әрекеттің сипатын білдіретін етістік формалары. Алайда бұлар өзге етістік формалары секілді түрленбейді, шақтық және жақтық мән білдірмейді. Көсемшелер шақтан және жақтан ада, дерексіз іс-әрекеттің сипаты болып табылады», – дейді (Ergin, 2005: 338). Жалпы түркі тілдерінде көсемше жайында айтылып жүрген пікірлер осы төңіректе. Бұл пікірлер арасында ең негізгі айырмашылық көсемшелердің шақтық және жақтық мәнге қатысында. Әрине, қазіргі қазақ тілі тұрғысынан көсемше формаларының жіктік жалғауын қабылдап, шақ категориясын жасауға қатысатындығымен байланысты болса керек. Дегенмен ол – тарихи *-ып тұрұр*; *-а тұрұр* аналитикалық формаларының (*-ып тұрұр* < *-ып тұр* < *-ыпты*; *-а тұрұр* < *-а тұр* < *-адұр* < *-ады*) ықшамдалуы нәтижесінде болған құбылыс. Көмекші етістіктің шақтық мәні жымдасу нәтижесінде көсемше жұрнағына жылысқанын көреміз. Ал түрік тілінде көсемше жұрнақтарының ешбірі шақ категориясы жасауға қатыспайтындықтан, шақ категориясы тек синтетикалық формалар арқылы жасалатындықтан, ол тілде көсемше формалары тек үстеулер секілді сөйлемнің баяндауышының білдіретін амал-әрекеттің орындалу тәсілі, сипаты, себебі секілді қасиеттерін білдіреді. Сондықтан да түрік тілінде «үстеу етістік» деп аталады. Тіпті «Етістік негіздерге қосымша жұрнақ жалғау арқылы өткінші үстеу жасайтын құрылымдар *етістік үстеу* (көсемше) деп айтылады», – деп анықтама берушілер де бар (Gülsevin, 2000: 126).

Екінші бір айырмашылық көсемшелердің синтаксистік қызметі жайында. Көсемше ешбір қосымша қабылдамай, сөйлемнің баяндауышы білдіретін амал-әрекеттің себебін, амал-тәсілі, сипаты секілді белгілерін білдіріп, пысықтауыш қызметін атқаратынын ешкім жоққа шығармайды. Дегенмен А.А. Юлдашев та Е.И. Корокина секілді көсемшенің негізгі синтаксистік қызметі предикациямен байланысты деп санайды (Юлдашев, 1977: 255-261). Бұл да, жоғарыда атап өткендей, көсемше тұлғалы етістіктің жіктік жалғауын қабылдап, сөйлемдегі ойды тиянақтап тұратын баяндауыш қызметінде жұмсалуына қатысты екені анық. Бұл ең әуелі барлық түркі тілдеріне қатысты емес. Тек шақ категориясы аналитикалық формалар арқылы жасалатын (жатыр, тұр, жүр, отыр) түркі тілдері үшін ғана айтуға болады. Тарихи даму барысында күрделі етістік формаларының жымдасуы арқылы пайда болғандықтан, көсемше өзінің негізгі мәнін жоғалтып, көмекші етістіктің мағынасының көсемше формасына жылысқанын көреміз. М.Оразов көсемшелердің етістіктің тиянақсыз категориясы екенін айта келіп, сөйлемнің баяндауышы бола алмайды деген пікірмен де келіспейтіндігін айтады (Оразов, 2001: 199). Көсемше формалы етістік сабақтас құрмалас сөйлемдерде бағыныңқы мүшенің баяндауышы болады, алайда бастауышпен қиыспайды. Мұндай жағдайда бастауыш ашық келіп, баяндауыштың қай жақта тұрғаны бастауыш арқылы анықталады.

Жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келе, түркі тілдерінде көсемшелер сөйлемнің баяндауышы болып тұрған негізгі етістіктің білдіретін амал-әрекеттің орындалу тәсілін, себебін, сипатын т.б. белгілерін білдіреді. Күрделі етістіктер мен аналитикалық формаларда негізгі етістік пен күрделі етістіктің арасын жалғастырушы дәнекерлік қызмет атқарады. Алайда кей түркі тілдерінде тарихи даму барысында негізгі етістік пен көмекші етістіктің кірігіп жымдасуы

салдарынан, көсемшелер жіктік жалғауын қабылдап, шақтық мән береді және сөйлемде баяндауыш қызметін де атқарады деген түсінік қалыптаса бастаған. Себебі көсемше жалпы түркі тілдерінде етістіктің түрленбейтін, ешқандай қосымша қабылдамайтын, етістіктің тиянақсыз категориясы болып табылады.

Нәтижелер және талқылау

-ып, -іп, -ұп, -үп, -п көсемше жұрнақтары сонау көне түркі тілі дәуірінен бастап, кейінгі ғылыми әдебиеттерде қараханит тілі, Хорезм тілі, қыпшақ тілі, шағатай тілі, осман тілі деп аталып жүрген түркі жазба әдеби тілдерінің қай-қайсысында болмасын өте белсенді, қолданылу ауқымы кең қосымшалардың бірі болып табылады. Әрине, араларында өзгешелік жұрнақтың фонетикалық варианттары мен жанама мағыналарындағы түрлі кішігірім айырмашылықтарда ғана. Мысалы, көне түркі, қараханит, шағатай және қыпшақ тілдерінде дауыссыз дыбысқа аяқталған етістіктерден кейін буын және ерін үндестігіне қарай -ып, -іп, -ұп, -үп формалары жалғанса (*алып, арып, ұрұп, көрұп*), дауысты дыбысқа аяқталған етістік негіздеріне -п формасы жалғанған (*йоры-п, азырла-п*). Ал түркі тілдерінің батыс тобына кіретін ескі осман тілінде (оғыз тілі) дауыссыз дыбысқа аяқталған сөздерге соңғы буындағы дауыстының сапасы қандай болса да тек еріндік дауысты -ұп, -үп формалары жалғанатын болған (*гечұп, алұп*). Тіптен дауыстыға аяқталған етістіктерге де -ұп, -үп тұлғалары жалғанған. Алайда мұндай жағдайда көсемше жұрнағы екі дауысты қатар келмейтін болғандықтан *й* сына дыбысы арқылы жалғанып отырған (*башла-й-ұп, сөзле-й-ұп*). Бұл көсемше жұрнағының -п негізгі формасы болып табылады. Ал *ы, і, ұ, ү* дыбыстары екі дауыссыз дыбыстың арасын ажыратушы сына дыбыстар болып саналады. Ескі осман тілінде бұл сына дыбыстардың жұрнақпен жымдасып кеткендігін аңғаруға болады.

-ып, -іп, -ұп, -үп, -п көсемшелері саха және чуваш тілдерінен басқа қазірде барлық түркі тілдерінде қолданылады. Алайда жоғарыдағы ескерткіштер тіліндегі секілді фонетикалық формалары мен жанама мағыналарындағы азын-аулақ айырмашылықтар қазіргі түркі тілдерінде де кездеседі. Бұл – қалыпты құбылыс. Себебі мұндай өзгешеліктер тілдер былай тұрсын, бір тілдің ішіндегі диалектілерінде де кездеседі. Дегенмен -ып, -іп, -ұп, -үп, -п көсемшелері тарихи түркі жазба әдеби тілдері арасында ең жиі әрі белсенді қолданылғаны ескі қыпшақ тілі болса, қазір де қолданылу ауқымы кең, ең актив қолданылатыны қыпшақ тілдері, соның ішінде қазақ тілі екенін айта кету керек. Мұны қазақ тіліндегі -ып, -іп, -п көсемше жұрнағының орнына басқа түркі тілдерінде көп жағдайда -арақ, -ерек, -а, -е т.б. көсемше жұрнақтардың қолданылатынынан-ақ аңғаруға болады. Сондай-ақ етістіктің аналитикалық формасын жасаудағы белсенділігі, тіптен шақ категориясын жасауға мұрындық болуы осының айғағы болса керек. Демек, бұл қосымшаның бүкіл түркі тілдерінде қолданылуы жұрнақтың тамырының терең екенін көрсетсе, қыпшақ тілдері, соның ішінде қазақ тілі бұл жұрнақтан алар еншісінің өзгелерге қарағанда молырақ екенін көреміз.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінен бұл көсемше жұрнағының буын және ерін үндестігіне қарай -ып, -іп, -ұп, -үп, -п секілді фонетикалық варианттарын кездестіруге болады. Буын үндестігін қатаң сақтағанымен, ерін үндестігі көп жағдайда сақтала бермеген. Жалпы мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінегі -ып, -іп, -ұп, -үп, -п жұрнақтарын түбірге жалғануын былайша жүйелеп көрсетуге болады:

а) Соңы дауысты дыбысқа аяқталған етістік негіздерге -п формасы жалғанады: МГ: *ат қашса йа үрксе ейесін сүреп йықғай (63b, 4) (Ат қашса немесе үріксе егесін сүйреп жығады)*; КЕ: *Бұ тауан бірген ер оқып алды малны (77b, 7) (Бұл қарыз берген кісі малын санап алды)* т.б. Алайда біз қарастырып отырған бес ескерткіште бұл форма сирек ұшырасады. Әсіресе ғалымдар тарапынан оғыз элементі басым деп есептелетін КФ және КФТ ескерткіштерінде көсемшенің -п формасы кездеспейді. Дауысты дыбысқа аяқталған етістіктерге де *й* сына дыбысы арқылы -ып, -іп, -ұп, -үп формалары жалғанған: КФ: *Ікі сүре оқыйұп ортсаныда бір сүре тәрк етмесүн (64a, 2) (Екі сүре оқып, ортасындағы бір сүрені тәрк етпесін)*; *Сен шүкр ейлейұп ‘амал қабұл ейлейіжисен (30a, 6)*; *(Сен шүкір етіп амалды қабыл етушісің)*; *кішілр көрсүн дййұп (Кісілер көрсін деп)*; КФТ: *Ол кішінүң сатұн алдұм дейұп давы ідгені ішідүлүр (3a, 41) (Ол кісінің сатып алдым деп ашқан дауы тыңдалады)*; *О ер о хатұны бошайып дұрұр іді (3b, 81) (Ол еркек ол әйелмен ажырасқан еді)*; *Ол дұтғанлары кафир аман іздейіп дұрұр іді (5a, 19) (Ол ұсталған*

кәпір амандық сұраған еді) т.б. Жоғарыда осындай құбылыстың, яғни дауыстыға аяқталған етістіктерге *й* сына дыбысы арқылы жалғану қазіргі оғыз тілдерінде әлі күнге жалғасын тауып келеді. Демек, аталған екі ескерткіште оғыз элементінің басымдығын ескерер болсақ, *-n* қыпшақ тілінің, *-йұп*, *-йұп* оғыздық элемент болып шығады.

ә) Етістік негіздің соңы дауыссыз дыбысқа аяқталып, соңғы буынның дауыстысы жуан-езулік болса, *-ып*, жіңішке-езулік болса, *-іп* формалары жалғанады: КФ: *Харфлері бір бірінден айрып оқсын (164b, 7) (Әріптерді бір-бірінен айырып оқысын); Егер біліп тәрк етсе намазы кечер (41b, 2) (Егер біліп тәрк етсе, намазы қабыл болады); МГ: Хамайіл қылып бойнына салып көтүрүр (93b, 8) (Қамыт қылып мойнына салып алып барады); Сүнгүңні йүген бірле тізче тартып йіріне қайтарып (43b, 6) (сүңгіні жүгенмен бірге тез тартып орнына қайтарып); КФТ: Базы 'алімлер әйдіп дұрұрлар (4a, 28) (Кей ғалымдар айтып тұрады); Ол бағышлаған кіші бағышладұқындан соңра кінә қайтып бахшышыны алмақ іздесе (76b, 10) (Ол бағыштаған кісі бағыштаған соң қайтып сыйлығын алғысы келсе); КӘ: алып қачты аны ат (91b, 1) (Оны ат алып қашты); Бұ өтүнч ігліг қылды аны тартып ыдты (112b, 4) (Бұл қарыз оны ауыру қылды тартып жіберді)* т.б. Дегенмен бұл ереженің бұзылуы да өте жиі кездеседі. Қыпшақ элементі басым саналатын МГ, КӘ ескерткіштерінде ерін үндестігі біршама орныкса да, оғыздық элементтер басым КФ және КФТ-да өте жиі ұшырасады: КФ: *Құлынұң ашкарә ишлегенні йашырұп ишлегенні (1b, 6) (Құлының ашық істегенін, жасырып істегенін); Анлары йарадұп вүжуда кетүрен Тәңріе (4b, 3) (Оларды жаратып бар қылған Тәңірге); йа ишідүп 'амал әйлейіжі ол (13a, 3) (не естіп амал жасаушы бол); КФТ: ол дауы ідүп еуі алған кішіге әйдді (32a, 15) (ол дауласып үйді алған кісіге айтты); Сатын алған кіші аныт ічүп әйдгей (71a, 53) (Сатын алған кісі ант ішіп айтсын); Бірісі бірісіне ұлашұп дұрұр (Бірі біріне ұласып тұрады)* т.б. Мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Ескі осман тілінде жұрнақтың тек еріндік формалары ғана қолданылған екен (Ергин, 2000: 341). Демек, мұның оғыз тілінің әсерінен екені күмән туғызбаса керек.

б) Етістік негіздің соңы дауыссыз дыбысқа аяқталып, соңғы буындағы дауысты жуан-еріндік болса, *-ұп*, жіңішке-еріндік болса, *-ұп* тұлғасында жалғанады: КМ: *әгер күші йитмесе дүшүп арқасы үстіне ишарәт әйлейе башы бирле (17b, 3-4) (Егер күші жетпесе арқасымен жатып басымен ишара жасасын); йа ұнұдұп әгер тәрк итсе бір несне (Егер ұмытып бір нәрсе тәрк етсе); КФ: Айақ үстүнде дұрұп сіймесүн (62b, 5) (Аяқта тұрып симесін); ічді ұнұдұп орұжсына (Оразасын ұмытып ишті); МГ: Бұларны барча сауап көрүп тұрұрлар (11a, 2) (Бұларды баршасы сауап көріп тұрады); Бұтұңнұң арасына тұтұп йірге сүргейсен (31b, 1) (Бұтыңның арасына ұстап, жерге сүйрейсің); іліңні сүнгү бірле көтүрүп сол іліңге салғыл (34a, 1) (Қолыңды сүңгімен бірге көтеріп, сол қолыңа сал); КФТ: Дауыжы кіші бір данұқ дұрқұзұп аныт ічгенден соңра (Даугер кісі куәгер әкеліп ант ішкеннен кейін); Бұ кішінұң анасы азад олұп дұрұр іді (Бұл кісінің анасы азат болып тұр еді); КӘ: Атасыз озұлсыз болұп өлді (14b, 1) (Әкесіз баласыз болып өлді)* т.б. Жалпы мәмлүк қыпшақ ескерткіштерінде мұндай жағдайда ерін үндестігі бұзылмағанын көреміз. Демек, қыпшақ тілінде соңғы буынның дауыстысы еріндік болған жағдайда ерін үндестігі толық сақталады.

Тарихи және қазіргі түркі тілдерінің кез келгенінде кеңінен қолданыс тапқан *-ып*, *-іп*, *-ұп*, *-ұп*, *-n* көсемше жұрнақтарының мағыналық реңктері де әр алуан болған. Жалпы жалғамалы тілдер тобына жататын түркі тілдері үшін кез келген қосымшаның көп мағыналы болуы жатырқайтын құбылыс емес. Сол көп мағынаның бірі қосымшаның негізгі, ал қалғаны жанама мағыналары болып келетіні белгілі. М. Оразов *-ып*, *-іп*, *-n* жұрнағының мағынасы жайында: «Сол мағыналардың ең негізгісі амал-әрекеттің баяндауыш қызметінде келген етістік білдірген амал-әрекеттен бұрын болғандығын, болмағандығын көрсету», – дейді (Оразов, 2001: 207). З. Коркмаз жұрнақтың тоғыз түрлі мағынасын сөз етеді де ең бірінші: «*-(й)ып*, *-(й)ұп* жұрнақты көсемше, бағыныңқы мүше ретінде негізгі етістіктегі әрекеттен аз уақыт бұрын орындалған амал-әрекетті білдіреді», – деп, ең негізгі мағынасы ретінде көрсетеді (Korkmaz, 2007: 999). Е. Дилбас: «*-n* көсемшесі жақ, жекеше, көпшелік жағынан өзі бағынышты негізгі етістіктің қызметіне ие. Амал-әрекеттің өзінен кейін келген етістіктен бұрын болып өткендігін көрсетеді», – деп, көсемше формалы етістіктің жақ білдірмейтінін, қатар келген екі әрекеттің бірінен соң бірі жүзеге

асатынын білдіретінін айтады (Dilbas, 2017: 6). Ы. Маманов болса: «Көсемше форма әрқашан негізгі қимылды не іс-әрекетті білдіретін етістіктің алдында, соның жетегінде қолданылады да, мұндағы екі қимыл бірінен соң бірі кезектесіп немесе екеуі де бір мезгілде өтіп отырады», – деп, қосымшаның әрі бірінен соң бірі кезектесіп жүзеге асатын, әрі екеуі бір мезгілде болып өтетін амал-әрекетті білдіретінін айтқан (Маманов, 2014: 89). Әрине, бұл жерде қосымшаның негізгі және жанама мағынасын бір жерде беріп отыр. Екіншіден, бұл пікір қазіргі қазақ тілі тұрғысынан айтылып тұрғаны тағы бар. Әйтпесе, кей түркі тілдерінде бір уақытта істелетін амал-әрекет үшін басқа көсемше жұрнағы қолданылады.

Жалпы жоғарыдағы пікірлердің қай-қайсы болмасын *-ып*, *-іп*, *-п* жұрнақты көсемшедегі амал-әрекеттің негізгі етістіктегі амал-әрекеттен бұрын жүзеге асуы жұрнақтың негізгі мағынасы дегенге саяды. Мәмлүк қыпшақ жазба ескерткіштері тілінде де *-ып*, *-іп*, *-ұп*, *-үп*, *-п* формалы көсемшелердің ең негізгі мағынасы бірінен соң бірі жүзеге асатын екі әрекетті байланыстырады. Көсемше формалы етістіктегі іс-әрекет негізгі етістіктегі іс-әрекеттен бұрын жүзеге асады: КМ: *әгер күші йитмесе дүшүп арқасы үстіне ишарат ейлейе башы бірле (17b, 4) (Егер күші жетпесе арқасымен жатып басымен ишара жасасын)*; КФ: *Түрбеден дұрғұзұп дірі ейлейіжі (173b, 1) (мазардан тұрғызып тірілтуші)*; *ічді ұнұдұп орұжына (231b, 1) (оразасын ұмытып ішті)*; МГ: *ол кітабны түрк тілінче тержүме қылып тақы Мүниәт әл-Гузат тийү ад берді (5a, 7) (ол кітапты түрік тіліне аударып, тағы Мүниәт әл-Гузат деп ат қойды)*; *кім ерсе кім бұ фенлерні йахшы біліп хажет уақытында ‘амалға кетүрсе (5b, 7) (кімде кім осы пәндерді жақсы біліп қажет уақытында амалға асырса)*; *лижамыңны қойаберіп андын соңра сол йаныңа қайтғыл (14a, 1) (жүгеніңді қоя беріп осыдан соң сол жағыңа қайт)*; КФТ: *ол менүмдүр дийүп дауы едген кіші данұқ дұрқұзды (35b, 33) (ол менікі деп дауласқан кісі куәгер тұрғызды)*; *қардашұм қойұп кедкен малда (92a, 39)*; КӘ: *Бұ тауан бірген ер оқып алды малны (77b, 7) (Бұл қарыз берген кісі малын санап алды)* т.б. Жұрнақтың негізгі грамматикалық мағынасы болғандықтан мұндай мысалдарды көптеп келтіре беруге болады. Дегенмен зерттеу нысанына алып отырған ескерткіштер арасында МГ-да дәл осы мағынада өте актив қолданылған.

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тілінде *-ып*, *-іп*, *-ұп*, *-үп*, *-п* формалы көсемшелер баяндауыш қызметіндегі негізгі етістікпен бір мезгілде болған амал-әрекетті білдіреді: КФ: *Сен шүкр ейлейүп ‘амал қабұл ейлейіжісін (30a, 6) (Сен шүкір етіп амал қабыл етушісің)*; *режа ейлейүп салам вирүн (133a, 5) (үміттеніп сәлем беріңдер)*; *Айақ үстіне дұрұп сәймесүн (52b, 2) (аяқта тұрып симесін)* МГ: *Таңрыға сығынып дүшменні редд қылұрсұн (7b, 3) (Тәңірге сиынып дүшпанды қуасың)*; *ейернің арт қашынысағ елің бірле тұтұп мінгейсен (11a, 1) (егердің артқы қасынан оң қолыңмен ұстап мінесің)*; *атыңны қарнына тепіп чықмағыл (12a, 5) (атыңды ішінен теуіп шықпа)*; *ейернің қашына ұрұп сындырғыл (егердің басына ұрып сындыр)*; КФТ: *сатын алған кіші аныт ічүп әйдгей (71a, 53) (сатып алған кісі ант іше отырып айтсын)*; *ұшбұ мен дауы едүп алдұқұм тауар (92a, 15) (осы мен дауласып алған дүние)*; КӘ: *бұ өвкесін тұтұп тек тұрған ер (10a, 4) (Бұл ашуға булығып тұрған кісі)* т.б. Жұрнақтың бұл мәні де аталмыш ескерткіштер тілінде актив қолданылған деуге болады.

-ып, *-іп*, *-ұп*, *-үп*, *-п* формалы көсемшелер себептілік мағынаны білдіреді. Яғни, негізгі етістік білдіретін қимыл көсемше формалы етістіктегі қимылдың нәтижесі болып табылады. КМ: *унудуб әгар тәрк итсе бир несне (21a, 5) (егер ұмытып тәрк етсе бір нәрсе)*; КФ: *хазар ейлейүп қорқалар (7b, 4) (сақтанып қорықсын)*; *йа ишидүп ‘амал ейлейіжі ол (13a, 3) (не естип амал жасаушы бол)*; МГ: *ат үстінде түп-түз тұрып бүкүлмейін (35b, 1) (ат үстінде тіп-тік тұрып бүгілмеңіз)*; *көрүклүг хүнерлерні дүшмен көрүп өгрнмегей (57, 7) (әдемі өнерді дүшпан көріп үйренбесін)*; *ат қашса йа үрксе ейесін сүреп йықғай (63b, 4) (Ат қашса немесе үріксе егесін сүйреп жығады)*; *ол борчлұ кіші бірле сулх едүп неме алса (29b, 18) (ол борышкер кісімен татуласып нәрсе алса)*; КӘ: *атасыз оғұлсыз болып өлді (14b, 1) (әкесіз ұлсыз болып өлді)* т.б. Әрине, ескерткіштер тілінде жұрнақтың бұл мәні сиректеу ұшырасады. Дегенмен қазіргі түркі тілдерінде актив қолданылатын мағыналардың бірі.

Мәмлүк қыпшақ тілінде *-ып*, *-іп*, *-ұп*, *-үп*, *-п* формалы көсемше негізгі етістік білдіретін амал-әрекеттің орындалу немесе орындалмау амал-тәсілін білдіреді. КФ: *Харфлері бір бірінден айрып оқсын (164b, 7) (Әріптерді бір-бірінен айырып оқысын)*; *құлының ашикарә ішлегенні,*

йашырұп ішлегенні (құлының ашық істегенін, жасырып істегенін); аяқ үстіне дұрұп сіймесүн (аяқта тұрып симесін); МГ: хызамыңны ихтиат қылұп мінгіл (9а, 9) (тартпаңды абайлап мінгіл); сүнгүні сағ йаныңа арқұры тұтұп ұчыны біразгіне йоқарұ көтүрүп ейеріңде тік отырғыл (38b, 6-7) (сүнгіні оң жағыңа көлденең ұстап, біраз гана жоғары көтеріп егеріңде тік отырғын); КӨ: алып қачты аны ат (91b, 1) (Оны ат алып қашты) т.б.

-ып, -іп, -ұп, -үп, -п тұлғалы көсемшеге көбіне дұр-, тұр-, дұрұр е- көмекші етістігі тіркесіп келіп, етістіктің аналитикалық формасын жасайды: МГ: бұллар барча сауап көрүп тұрұрлар (11а, 2) (бұларды барлығы сауап көріпті); КФТ: ол дұтғанлары кафир аман іздейіп дұрұр еді (5а, 19) (Ол ұстап алған кәпір амандық сұрап тұр еді); бізім бірле сенуң арағда лиан ешідмек уажиб олұп дұрұр (76, 5) (біз бен сенің араңдағы антты есту уәжіп болыпты); бірісі бірісіне ұлашұп дұрұр (85а, 40) (біреуі біреуіне жетіпті) т.б. Жұрнақтың бұл қолданысы шақтық мағына тудыратыны белгілі. Бұл жөнінде шақ категориясына байланысты сөз еткендіктен бұл жерде арнайы тоқталмаймыз. М. Оразов: «Біздіңше, көсемшелі етістіктердің ең көп қолданылатын жері – аналитикалық формасының жетекші етістігі мен көмекші етістікті байланыстырып тұратын негізінен көсемшенің -а, -е, -й және -ып, -іп, -п қосымшалары болып саналады», – деп, қазіргі қазақ тілінде жұрнақтың осы қызметінің маңыздылығына назар аудартады (Оразов 2001: 198). Дегенмен біз қарастырып отырған ескерткіштер тілінде жұрнақтың бұл қолданысы аса көп емес.

Жалпы түркі тілдерінде -ып, -іп, -п көсемше жұрнақтарының болымсыз түрі кездесе бермейді. Оның екі себебі бар. Біріншісі – -ып, -іп, -п тұлғалы көсемшелер сөйлем ішінде баяндауыш қызметінде жұмсалатын негізгі етістікке жақтық әрі шақтық тұрғыдан негізгі етістікке тәуелді болғандығы секілді болымдылық-болымсыздық жақтан да тәуелді болып табылады (мыс.: алып келмеді, оқып шықпады). Бұл жайында З. Кокмаз: «-(й)ып жұрнақты көсемше болымсыздық жақтан да негізінен негізгі етістікке тәуелді», – дейді (Кокмаз, 2007: 1003). Ал екіншісі – түркі тілдерінде -маздан, -мастан, -мадан секілді мағынасы болымсыздық білдіретін құранды көсемшелердің қалыптасуы. -ып, -іп, -п көсемшелерінің болымсыз түрінде осы жұрнақтардың қолданылуы (мыс.: оқып келдім – оқымастан келдім, оқымай келдім). Дегенмен біз тілін қарастырып отырған ескерткіштер тілінде -ып, -іп, -ұп, -үп, -п көсемше жұрнақтарының етістіктің болымсыз тұлғасына да жалғанғанын көруге болады: КФ: үтір қылмайұп дұрұр сабах намазы кечмез (173, 2) (үтір намазын қылмастан таң намазы қабыл болмайды); құмашы йік соқмайып қылмасүн (160b, 3) (матаның шетін тықпастан қылмасын); КФТ: хенүз ол оғлан ақыл олмайып дұрұр (1а, 27) (ол баланың әлі ақылы толыспапты); нече кім ешідмейіп дұрұрсүн (қаншалықты естімей тұрсың) т.б. Алайда бұл сирек кездесетін құбылыс деуге болады. Оғыз элементі басым саналатын КФ және КФТ жазбаларында ғана бірлі жарым ұшырасатындығына қарағанда оғыз тілінің әсері болса керек. Себебі қазіргі түрік, түрікмен тілдерінде де болымсыз етістікке жалғануын аз да болса көруге болады.

Қорытынды

Мәмлүк қыпшақ ескерткіштері тіліндегі -ып, -іп, -п көсемшелерін саралай келе, мынадай тұжырым жасауға болады:

– түркі тілдерінде көсемшелер сөйлемнің баяндауышы болып тұрған негізгі етістіктің білдіретін амал-әрекеттің орындалу тәсілін, себебін, сипатын т.б. белгілерін білдіреді және негізгі етістік пен көмекші етістіктің арасын жалғастырушы дәнекерлік қызмет атқарады;

– көсемше – етістіктің түрленбейтін, ешқандай қосымша қабылдамайтын, етістіктің тиянақсыз категориясы. Алайда кей түркі тілдерінде тарихи даму барысында негізгі етістік пен көмекші етістіктің кірігіп жымдасуы салдарынан, көсемшелер жіктік жалғауын қабылдап, шақтық мән береді және сөйлемде баяндауыш қызметін де атқарады деген түсінік қалыптасқан;

– жұрнақтың негізгі формасы -п, ал құрамындағы ы, і, ұ, ү дыбыстары екі дауыссыз дыбыстың арасын ажыратушы сына дыбыстар болып табылады. Ортағасырлық кей ескерткіштер мен оғыз тобындағы тілдерде сына дыбыстар жұрнақпен жымдасып кеткендіктен дауыстыға аяқталған сөздерге й сына дауыссыз арқылы (-йып, -йұп) жалғанады;

– түркі тілінің тарихи дәуірлерінде жазылған өзге ескерткіштерге қарағанда қыпшақ тілді ескерткіштерде -ып, -іп, -п жұрнақтары жиі әрі белсенді қолданылған. Қазіргі қыпшақ тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде жұрнақтың мағыналық ауқымының кең болуы және актив

қолданылуы тарихи сабақтастық болып табылады;

– дауыстыға аяқталған сөздерге жалғанатын *-n* формасы жұрнақтың қыпшақтық, ал *-йұп, -йүп* формасы да оғыздық варианты болып табылады. Сондықтан да оғыз элементі басым 2 ескерткіште (КФ, КФТ) дауыстыға аяқталған етістіктерге *-йұп, -йүп* варианттары қолданылған.

Сондай-ақ мәмлүк қыпшақ тілінде *-ын, -ін, -н* формалы көсемшелер мынадай функционалдық қызметтерде қолданылған:

– бірінен соң бірі жүзеге асатын екі әрекетті байланыстырады. Көсемше формалы етістіктегі іс-әрекет негізгі етістіктегі іс-әрекеттен бұрын жүзеге асады. Бұл көсемшенің негізгі мағынасы болып табылады;

– баяндауыш қызметіндегі негізгі етістікпен бір мезгілде болған амал-әрекетті білдіреді. Бұл жұрнақтың жанама мағыналарының бірі болса да актив қолданылған;

– себептік, қимылдың орындалу тәсілі т.б. көптеген мәндерде жұмсалған. Дегенмен бұл мәндерде өте сирек ұшырасады;

– етістіктің болымсыз формасына да жалғанғанын көреміз. Бұл – жұрнақтың табиғатында сирек кездесетін құбылыс. Бұл да оғыз тілінің әсерінен болса керек.

Байқап отырғанымыздай, мәмлүк қыпшақ тіліндегі *-ын, -ін, -ұп, -үп, -н* формалы көсемшелер фонетикалық варианттары болсын, түбірге жалғану тәртібі жағынан болсын, негізгі және жанама мағыналарындағы түрлі мағыналық реңктері жағынан болсын қазіргі түркі тілдерінен, соның ішінде қазақ тілінен де айтарлықтай өзгешеленбейді. Кей ерекшеліктері қазіргі оғыз тілдерінде сақталса, енді бірі қыпшақ тілдерінде соның ішінде қазақ тілінде сақталған. Араларындағы азын-аулақ айырмашылықтардың өзін тілдің тарихи дамуы барысында пайда болатын табиғи құбылыс не бір тілдің өз ішінде де кездесе беретін диалектілік ерекшелік ретінде де көруге болатындай ғана.

Әдебиеттер

- Ağar Mehmet Emin. (1989) *Kitab Fi'l-Fıkh Bi-Lisani't-Turki (İnceleme-Metin-Sözlük)*. – Yayımlanmamış Doktora Tezi. – Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1989.
- Dilbas Ebru. *Türk Dilinde Zarf Fiil Ekleri*.
http://www.academia.edu/27582365/T%C3%9CRK_D%C4%B0L%C4%B0NDE_ZARFF%C4%B0%C4%B0L_EKLER%C4%B0, (06.07.2017).
- Eminoğlu Emin. (2011) *Abbas İbn Hamza es-Sabrani Kitabü'l Ef'al*. Akçağ yayınları: – Ankara, 2011.
- Ergin Muarrem. (2009) *Türk Dil Bilgisi*. Bayrak Basım: – İstanbul, 2009.
- Gülsevin G. (2000) *Türkiye Türkçesinde Birleşik Zarf Fiiller*. Afyon Kocatepe Üniversitesi, Sosyal Bilimler Dergisi, S.5. – Afyonkarahisar, 2000. – S.122-143.
- Коркина Е.И. (1985) *Деепричастие в якутском языке*. – Новосибирск, 1985.
- Korkmaz Z. (2007) *Gramer Terimleri Sözlüğü, Genişletilmiş 3. Baskı*. Türk Dil Kurumu Yayınları: – Ankara, 2007.
- Korkmaz Z. (2007) *Türkiye Türkçesi Grameri-Şekil Bilgisi*. Türk Dili Kurumu Yayınları: – Ankara, 2007.
- Kuanışbayev Ercan. (2006) *Kitab fi'l-Fıkh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım)*. Yayımlanmamış Doktora Tezi. – İstanbul: Marmara Üniversitesi, Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü, 2006.
- Маманов Ы. (1966) *Қазіргі қазақ тілі*. – Алматы, 1966.
- Маманов Ы. (2014) *Қазақ тіл білімінің мәселелері*. – Алматы: Абзал-ай, 2014.
- Оразов М. (2001) *Етістік*. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2001.
- Садықбеков Қ. (2016) *«Китаб Муқаддима Әбу Ләйс әс-Самарқанди» ескерткіші және оның тілі*. – Алматы: Таңбалы баспасы, 2016.
- Uğurlu Mustafa. (1984) *Munyetu'l Guzzat. Metin-İndeks*, Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi. – Ankara: Gazi Üniversitesi, 1984.
- Ысқақов А. (1974) *Қазіргі қазақ тілі*. – Алматы, 1974.
- Юлдашев А.А. (1977) *Соотношение деепричастных и личных форм глагола в тюркских языках*. – Москва, 1977.

References

- Ağar Mehmet Emin (1989). *Kitab Fi'l-Fıkh Bi-Lisani't-Turki (İnceleme-Metin-Sözlük)*. Yayımlanmamış Doktora Tezi. Marmara Üniversitesi, Sosyal Bilimler Enstitüsü, 1989. (in Turkish)
- Dilbas Ebru (2017). *Türk Dilinde Zarf Fiil Ekleri*. (in Turkish)
http://www.academia.edu/27582365/T%C3%9CRK_D%C4%B0L%C4%B0NDE_ZARFF%C4%B0%C4%B0L_EK

LER% C4%B0, (06.07.2017).

- Eminoğlu Emin (2011). Abbas İbn Hamza es-Sabrani Kitabü'l Ef'al. Akçağ yayınları: – Ankara, 2011. (in Turkish)
- Ergin Muarrem (2009). Türk Dil Bilgisi. Bayrak Basım: – İstanbul, 2009. (in Turkish)
- Gülsevin G. (2000). Türkiye Türkçesinde Birleşik Zarf Fiiller. Afyon Kocatepe Üniversitesi Sosyal Bilimler Dergisi, 2000. – S.5. – S.122-143. (in Turkish)
- Korkina E.I. (1985). Deeprichastie v yakutskom yazıke. – Novosibirsk, 1985. (in Russian)
- Korkmaz Z. (2007). Gramer Terimleri Sözlüğü, Genişletilmiş 3. Baskı. Türk Dil Kurumu Yayınları. – Ankara, 2007. (in Turkish)
- Korkmaz Z. (2007). Türkiye Türkçesi Grameri-Şekil Bilgisi. Ankara: Türk Dili Kurumu Yayınları, 2007. (in Turkish)
- Kuanişbayev Ercan (2006). Kitab fi'l-Fıkh (Giriş-Metin-Dizin-Tıpkıbasım). Yayımlanmamış Doktora Tezi, İstanbul: Marmara Üniversitesi, Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü: – İstanbul, 2006. (in Turkish)
- Mamanov Y. (1966). Qazirgi qazaq tili. – Almaty, 1966. (in Kazakh)
- Mamanov Y. (2014). Qazaq til biliminin meseleleri. Abzal-ai: – Almaty, 2014. (in Kazakh)
- Orazov M. (2001). Etistik. – Almaty: Y. Altynsarin atyndagy bilim akademyasynyn respublikalyq baspa kabinteti, 2001. (in Kazakh)
- Sadykbekov K. (2016). Kitab Mukaddime Ebu Leys es-Semerandi eskertkishi jane onyn tili. Tanbalı baspası: – Almaty, 2016. (in Kazakh)
- Uğurlu Mustafa (1984). Munyetu'l Guzzat. Metin-İndeks, Yayımlanmamış Yüksek Lisans Tezi. Gazi Üniversitesi: – Ankara, 1984. (in Turkish)
- Ysqaqov A. (1974). Qazirgi qazaq tili. – Almaty, 1974. (in Kazakh)
- Yuldashev A.A. (1977). Sootnoshenie deeprichastnih i lichnih form glagola v tyurkskih yazıkah. – Moskva, 1977. (in Russian)